

қиын. Өйткені, тіл - ұлттық мүдденің күретамыры, мәдениетіміздің арқауы.»[7,27]-деп жазуының өзінде келешек ұрпақты патриотизм сезіміне баулып, тәрбиелеуде ең алдымен ана тіліміз, яғни, мемлекеттік тілдің басты құрал екені дәлелденген. Сондықтан ЖОО болашақ мұғалімнің тәрбие үдерісінде оның қарым-қатынасындағы мемлекеттік тілдің даму деңгейіне аса көңіл бөлген жөн. Өйткені мұғалімнің кәсіптік деңгейінде тілдік қарым-қатынас үлкен роль атқарады. Олай дейтініміз қазіргі уақытта мектеп мұғалімдерінің бірі мемлекеттік тілді кәсіптік тұрғыда дұрыс меңгермесе, келесі мұғалім алдындағы білім алып жүрген оқушылармен педагогикалық қарым- қатынас шеберлігін дұрыс орната алмай қиындыққа кез болып жататыны көпшілікке мәлім. Сондықтан ЖОО-да болашақ мұғалімдерді өздерінің мамандықтарына даярлағанда мемлекеттік тілді жетік әрі кәсіптік деңгей тұрғысында педагогикалық сауатты меңгертуді этнопедагогикалық мәдениетті қалыптастырудың бір бөлігі ретінде қарастырған жөн. Ұлттық тілдің дамуы арқылы болашақ мұғалімнің ұлттық сана- сезімі оянып, рухани ойлау дәрежесі биіктейді. Ал педагогикалық қарым-қатынас шеберлігін дамытудың алғышарты болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениетімен ұштасады деп есептегеніміз дұрыс. Өйткені, болашақ мұғалімнің бойына сіңіретін педагогикалық мәдениет өзіміздің ұлттық тәрбиемізді теориялық және практикалық тұрғыда қарастырып, дамыту арқылы қалыптасады десек қателеспейміз. Сондықтан болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениетін қазіргі және келешектегі еліміздің ұлттық мақсат-міндеттеріне сәйкес қалыптастыру маңызды.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол –Қостанай таңы 12 қаңтар 2016ж.
2. Нұрымбетова Қазақстан халқының саяси қатысуы: сипаты мен жолдары. Монография. – Алматы, 2005. – 272 б.
3. Кенжалин Ж. Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2005. – 160 б.
4. Абдығалиев Б. Этнические факторы формирования казахстанского патриотизма //Казахстанский патриотизм: проблемы становления. Материалы науч.-прак. конф. – А.,1997. – С.88-92.
5. Абсаттаров Р.Б., Садыков Т.С. Воспитание культуры межнационального общения студентов: теория и практика. – Алматы, 1999. – 212 с.
6. Борбасов С.М. Қазақстандағы ұлттық процестер және ұлт саясаты. Монография. – Семей: Семей пед-қ инс-ы, 1995. –180 б.
7. Сейтқазы П. Б. Халық педагогикасының материалдарын сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмыстарында пайдалану әдістемесі, Астана 2003, 276.

Айтбенова Аян Алтаевна
аға оқытушы, ҚМПИ
Қостанай қ.
Лисьев Г.А.,
п.ғ.к., доцент, ЧМПУ
Челябі қ., Ресей

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОО-НЫҢ БОЛАШАҚ МАМАНДАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУ

АННОТАЦИЯ

Мақалада педагогикалық жоо-ның болашақ мамандарының ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруы және дамытуы қарастырылады. Болашақ маманның ақпараттық құзыреттілігін

қалыптастырудың анықтамасы, міндеттері мен қызметтері, ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру жүйесінің моделінде қарастырылған негізгі компоненттері келтіріледі.

Түйінді сөздер: ақпарат, құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, болашақ маман, компонент.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются формирование и развитие информационной компетентности будущих специалистов педагогического вуза. Приводятся определение, задачи и функции информационной компетентности, основные компоненты модели формирования информационной компетентности будущего специалиста.

Ключевые слова: информация, компетентность, информационная компетентность, будущий специалист, компоненты.

ABSTRACT

The article describes the foundation and development of the future specialists with information competence pedagogical Institute. The distinction, tasks and function, the main components of model of creation of future specialist with information competence is also shown.

Key words: information, competence, information competence, future specialist, components.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор. Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу. Екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор» - деп атап көрсеткеніндей, жаңа дәуірдегі жаһандану үдерісінде өз орнын тауып, өзгермелі еңбек нарығына бейімделе алатын болашақтың зиялы ұрпақтарын тәрбиелеу өркениетке бағыт алған әрбір мемлекеттің өзекті мұраты [1,б.2].

Қазіргі кезде қоғамның дамуына байланысты жыл сайын адам өмірінің барлық салаларында ақпараттану деңгейі жоғарылауда. Компьютер мен ақпараттың қарқынмен дамуы жұмыскерлердің жас мамандарға қоятын талаптарын өзгертуде. Дамып жатқан еңбек нарығы болашақ мамандар қоғам талаптарына сай келуі үшін жоо-рын ынталандырады. Ақпарат ағынында еркін бағдарлану үшін қазіргі мамандар компьютер, телекоммуникация және т.б. құралдар көмегімен ақпаратты алуды, өңдеуді және қолдануды білулері керек.

Қазіргі қоғамда ғылыми және әлеуметтік деңгейде бүкіл өмір жолы бойында білімдерін жаңартуға дайын тұлғаларды қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр. Ақпараттық қоғамдағы әлеуметтік тапсырысы бар жоо-ры студенттің ақпараттық құзыреттілік деңгейін қамтамасыз етуін қарастыруы тиіс, сондықтан білім беру жүйесінде ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға және дамытуға ерекше назар аударылуы тиіс. Ол үшін болашақ мамандарды дайындау мазмұнын өзгерту қажет, оған тек қана жалпы білімді ғана емес, сондай-ақ ақпараттық құзыреттіліктің жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету қажет [2,б.1].

Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға арналған көптеген ғылыми зерттеулер бар. Ақпараттық құзыреттілікті түрлі сатыларда оқытып қалыптастыру мәселелері О.Н. Ионова, А.Л. Семёнов, С.В. Тришина және т.б. еңбектерінде; маманның ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері И.Н. Завьялов, О.Б. Зайцева, И.А.Зимняя, О.И.Кочурова, Н. И. Сакович, Ю.Г.Татур, А.А. Темербекова, Ш.Таубаева, Б.Т.Кенжебеков және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Педагогикалық әдебиеттерде құзыреттілік және құзырет ұғымдарының әр түрлі көзқарастары бар. Болашақ мамандарды сапалы дайындаудың формаларының бірі құзыреттілік болып табылады. Құзыреттілік түсінігі көп аспектілі жан-жақты ұғымды білдіреді. «Құзыреттілік» ұғымы әдетте белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады. Жалпы түрде маманның құзыреттілігі өз саласындағы табысты кәсіби іскерлігі үшін қажетті тұлғалық қабілеттер, біліктер және қасиеттер жиынтығы болып табылады.

Әдістемелік ұғымдар сөздігінде «Құзыреттілік қандай да бір оқу пәнін оқыту үрдісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген. Латынның «competentis» деген ұғымы «білу», «жасай алу», «дегеніне жету» деген мағыналарды береді. Бұл жалпы алғанда құзыреттіліктің мәнін анықтайды.

Ю.Г.Татурдың пікірінше, «...құзыреттілік – бұл тұлғаның белгілі бір салада табысты қызметі үшін өз әлеуетін (білімі, біліктілігі, тәжірибесі, тұлғалық сапалары және т.б.) іске асыруға ұмтылысы мен қабілетін (дайындығы) сипаттайтын интегралдық қасиеті» [6,б.81].

Бұл жайлы Ш.Таубаева: «Құзыреттілік - ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процесі барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның қасиеті»-дейді.

Құзыреттілік – адамның әрекетке, оның пәніне деген жеке қатынасын қамтитын сәйкес құрауыштарды меңгеруі. Ал, *құзірет* – дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапалардың (білім, білік, дағды, іскерлік, әрекет тәсілі) жиынтығы.

Ақпараттық құзыреттілік кілттік құзыреттіліктің бірі болып табылады. *Ақпараттық құзыреттілік* – бұл тәжірибе, құндылықтар мен бейімділік білімін пайдалана отырып, нақты өмірлік жағдайларда пайда болатын мәселелерді шешуге қабілетті тұлғаның ажырамас сапасы. Оның мынадай құрамдас бөліктері бар: компьютерлік сауаттылық; кәсіби мақсаттарға қол жеткізу үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдана отырып жеке және топтық іскерлік тәжірибесі; кәсіби жұмыста өзін жүзеге асыру, біліктілігін үздіксіз жоғарылату үшін қажетті ақпараттық технологиялар саласында өзін-өзі дайындау.

Ақпараттық құзырет – бұл мамандардың компьютерлік білімділігі, жаңа ақпараттық технологияларды қолдана алу (мультимедия, электронды пошта, Интернет) мүмкіндігі.

И.А.Зимняяның пікірінше, ақпараттық құзыреттілік – бұл түрлі салалардағы тиімді шешімдерді өңдеуге, қабылдауға, жобалауға және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, пәндік - нақты білімдердің ерекше түріндегі ақпаратты іріктеу, меңгеру, өңдеу және түрлендіру процесінің нәтижесі болып табылатын тұлғаның интегративтік сапасы [3,б. 25].

Ақпараттық құзыреттілік арқылы нақты объектілер көмегімен қажетті ақпаратты іздеу, таңдап (іріктеп) алу, ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және ақпаратты беру біліктері қалыптасады. Бұл құзыреттілік студенттердің оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етеді. Сондықтан, қазіргі кезде педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру және дамытуына ерекше назар аудару қажет. Ақпаратпен жұмыс істеу, оны болашақ кәсіби қызметінде сауатты пайдалану үшін, студент тиісті білімдер, іскерліктер және дағдыларды алуы, жеке басына ықпал ететін тұрақты әдістерін жетілдіруі және ақпараттық құзыреттілік деңгейін арттыруы тиіс. Демек, кәсіби даярлаудың мазмұнын болашақ маманға жалпы білім және кәсіби білім беретіндей ғана емес, сонымен қатар, ақпараттық құзыреттіліктің жеткілікті деңгейін, ақпараттық мәдениетін қамтамасыз ететіндей өзгерту қажет. «Информатика» пәні оқытылатын оқу пәндерінің белгілі бір жиынтығының ішінде ерекше орынды алуы тиіс.

Маманның ақпараттық құзыреттілігі – бұл оның жеке басының қасиеті, ол ақпаратты өңдеу бойынша білім, білік және дағдыларды, сондай-ақ қоғамды ақпараттандыру жағдайында өзінің тұлғалық әлеуетін тиімді іске асыруға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерін сипаттайды [4,б.76].

Маманның ақпараттық құзыреттілігін дамыту міндеттеріне келесілерді жатқызуға болады:

- информатика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында білімді және іскерлікті байыту;
- коммуникативтік және интеллектуалды қабілеттерін дамыту;
- бірыңғай ақпараттық кеңістікте интерактивті сұхбатты жүзеге асыру.

Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру үшін келесілер қажет:

- ✓ болашақ қызметтің құндылықтық-мағыналық компоненттерін дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- ✓ өз мамандығының жүйелі және тұтас көрінісін тәжірибесінің қалыптасуына ықпал ету;
- ✓ оқыту үрдісінде білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік беретін технологияларды (жобалар әдісі, кейс–әдіс, интерактивтік оқыту технологиясы және т. б.) ғана емес, сонымен қатар, ойлау қабілетін дамытуды, алынған ақпаратты өз қызметінде қолдануды қалыптастыру [5,б.34].

Болашақ мамандардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру үрдісінде ақпараттық технологияларды қолдану, әрбір адамның өмірінде маңызды функцияларды орындайды: біріншіден, адамның үйрену және өзін-өзі үйрету қабілетін қалыптастыру; екіншіден, түлектердің, болашақ жұмыскерлердің жұмыс берушілермен өзара қарым қатынастағы икемділігін қалыптастыру; үшіншіден, бәсекелестік ортада табыстылығын, тұрақтылығын жоғарылату.

Ақпараттық қоғамға көшу адам өмірінің барлық саласына өзгерістер енгізеді, соның ішінде білім беру жүйесіне де. Ақпараттық ағындарда еркін бағытталу үшін, қазіргі маман:

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен техникалық құралдарды кәсіби пайдалану есебінен түрлі ақпарат көздеріне қол жеткізе алуы керек;
- тиімді шешімдерді қабылдау үшін компьютерлер мен телекоммуникация құралдары көмегімен ақпаратты алуы, өңдеуді білуі керек;
- қолда бар білім негізінде жаңасын құрып, оны сол немесе өзге қызметте қолдануды білуі керек;
- кәсіби ұтқырлық, әлеуметтік белсенділік қабілетіне ие болуы керек;
- сабақтас салаларда құзыреттілігі болуы керек;
- дұрыс шешім қабылдай алуы, нәтижелі қызмет процесінде туындайтын міндеттерді шығармашылық және тиімді шеше білуі керек;
- ақпараттық технологиялар саласында үнемі өз білімін жетілдіруге, өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі дамытуға қабілеті болуы керек.

Студенттердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту үшін оның моделі әзірленді. Біздің студенттердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру жүйесінің моделі келесі компоненттерге бөлінген: мақсатты, мазмұндық, функциялық, ұйымдастырушылық және нәтижелі-бағалау.

Мақсатты компонентте, қоғамның әлеуметтік тапсырысы белгіленді (ақпараттық құзыреттілікті жоғары деңгейде жақсы меңгерген маман) және мақсаты (студенттердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру).

Мазмұндық компонентке міндеттер кіреді (арнайы білімді игеру; ақпараттық білікті қалыптастыру және дамыту (педагогикалық қызметінің сапалы нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті); арнайы құзыреттіліктерді меңгеру үшін педагогикалық шарттарымен қамтамасыз ету).

Моделдің *функционалдық компоненті* мынадай функцияларды қамтиды - жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру, бақылау. Студенттердің қызметін жоспарлау және ұйымдастыру, олардың алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін қолайлы жағдай жасауды, практикалық жұмысты ұйымдастыруда студенттер арасындағы қызметті нақты бөлуді, оқу тапсырмаларын орындау кезінде көмек көрсетуді қамтиды. Жақсы білім беру үшін оқыту үрдісінде студенттердің белсенділіктерін ынталандыру керек. Ынталандыру студенттердің сабақ тақырыбына назар аударуы, танымдық қызығушылығы есебінен жүзеге асырылады. Оқу материалын меңгеруді бақылау студенттердің сабақтағы қызметін бақылау сұрақтары, алға қойылған міндеттерді орындауды бақылау, студенттердің өзін-өзі бақылауды және өзара бақылауды орындау және т.б. ретінде ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Ұйымдастырушылық компонент, оған келесі әдістер (көрнекілік, практикалық, жобалар әдісі), формалар (дәрістер, практикалық сабақтар, студенттердің өзіндік жұмысы) және құралдар (бағдарламалық қамтамасыздандырылған дербес компьютер, интернет ресурстары) кіреді.

Нәтижелі-бағалау компоненті оқытудың нәтижелерін тексеру үшін міндетті болып табылады, онда жоғарғы оқу орнының студенттерінің ақпараттық құзыреттілігінің деңгейлері

көрсетілген және оны қалыптастыру белгілері (критерийлері) анықталған. Оқыту нәтижелерін тексеру студенттердің білімін анықтау деңгейін меңгеруден тұрады. Студенттердің дайындық деңгейін әр түрлі тәсілдермен бағалауға болады - сауалнама жүргізу, тексеру жұмыстары және жеке тапсырмалар, оларды орындағанда студенттердің белгілі бір деңгейі туралы айтуға болады. Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру деңгейінің критерийлері, ақпараттық қызметтің ақпараттық білім, білік және дамытуынан қалыптасады.

Бұл модельдің тиімді орындалуы үшін өзіндік педагогикалық шарттары бар. Оларға: ақпараттық ресурстармен толықтыру жолымен арнайы ақпараттық-білім беру ортасын құру; арнайы құзыреттілік жүйесін меңгеруде деңгейлік тәсілін пайдалану; АКТ-ны пайдалану негізінде студенттердің өз бетінше оқу-танымдық іс-әрекеттерін жандандыру; студенттердің білім деңгейін тексеру және кейінгі мониторингін жатқызуға болады.

Сонымен, жалпы білім беру нәтижесінде жетілетін ең маңызды құзыреттілік түрлерінің бірі ақпараттық құзыреттілік болуы тиіс. Болашақ маманның ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту ақпаратты беру арқылы жүзеге асырылады, дәлірек айтқанда, ол маманның ақпаратпен жұмыс істеу саласында білімін, біліктерін (ақпаратты өз бетінше іздеу, таңдау, ұйымдастыру, ұсыну, объектілер мен процестерді жобалау) және тәжірибесін қолдану қабілеттерін сипаттайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012.

2. Витт А.М. «Развитие информационной компетентности у студентов технического вуза». Автореферат. Екатеринбург, 2005.

3. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании /И.А.Зимняя; Исслед. центр проблемы качества подготовки специалистов. Москва, 2004. 38с.

4. Шамсутдинова Т.М. Информационная компетентность как аспект информационной культуры студентов // Электронный научно-практический журнал «Культура и образование». 2014. № 1 (5). С. 41.

5. Гудкова Т.А. Подготовка учителя информатики в контексте компетентностного подхода к образованию. // XVI Международная конференция-выставка «Информационные технологии в образовании» («ИТО-2006»), г.Москва, 2006г.

6. Татур Ю.Г. Компетентностный подход в описании результатов и проектировании стандартов высшего профессионального образования: материалы ко второму заседанию методологического семинара. Авторская версия. М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004.

Айтмухамбетов Айдар Абаевич,
доктор ист. наук, доцент кафедры
«Отан тарихы» КГУ им.А.Байтурсынова
Молдабаева Сауле Абаевна,
магистрант 2-го курса специальности «История»

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХСКИХ СПЕЦИАЛИСТОВ В XIX ВЕКЕ

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада Ресей империясындағы қазақ мамандардың 19 ғасырдағы кәсіби әрекеттері сипатталады. Колонизациялық жағдайдағы мамандардың негізгі әрекеттеріне талдау берледі.

***Түйінді сөздер:** қазақ мамандары, әрекет, кәсіп, мамандық.*